**"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 15 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 19 қарашадағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 қарашада № 25336 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 15 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20009 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағы 24) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

1, 2, 3, 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Статистикалық процестерді дамыту департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басшы* *Н. Айдапкелов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Басшысының
2021 жылғы 19 қарашадағы
№ 32 бұйрығына
1 қосымша

| | |
|---|---|
| Ақпарат алушы органдары құпиялылығына кепілдік береді<br>Конфиденциальность гарантируется органами получателями информации<br>Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны<br>Статистическая форма ведомственного статистического наблюдения<br>Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынылады<br>Представляется в Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан | бұйрығына<br>1-қосымша<br>Қазақстан Республикасы<br>Ұлттық экономика министрлігінің<br>Статистика комитеті төрағасының<br>2020 жылғы 4 ақпандағы<br>№ 15 бұйрығына<br>1-қосымша<br>Приложение 1 к приказу<br>Председателя Комитета по статистике<br>Министерства национальной экономики<br>Республики Казахстан<br>от 4 февраля 2020 года<br>№ 15 |

Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялар мен инженерлік жабдықтарына босатылым бағалары туралы есеп
Отчет об отпускных ценах на строительные материалы, изделия, конструкции и инженерное оборудование

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Индексі<br>Индекс | 1-СМИО | тоқсандық<br>квартальная | есепті кезең<br>отчетный период | | жы<br>го |

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 02, 08, 16, 19, 20, 22 - 28, 31, 35, 46-кодтарына сәйкес қызметіні негізгі және қосалқы түрлерімен іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және(немесе оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер ұсынады

Представляют попавшие в выборку юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения индивидуальные предприниматели с основным и (или) вторичным видами деятельности согласно кодам Общего классификатора видов экономической деятельности: 02, 08, 16, 19, 20, 22-28, 31, 35, 46

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін

Срок представления – до 10 числа после отчетного периода

| | |
|---|---|
| БСН коды<br>код БИН | |
| ЖСН коды<br>код ИИН | |

1. Заңды тұлғаның (бөлімшенің) орналасқан нақты орнын көрсетіңіз – облыс, қала, аудан, елді мекен

Укажите фактическое место расположения юридического лица (подразделения), индивидуального предпринимателя – область, город, район, населенный пункт

2. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің (бұдан әрі- ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК) қызметкері толтырады)

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется работником Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (далее – КДСЖКХ МИИР РК)

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| Материалдық ресурстың атауы Наименование материального ресурса | Өлшем бірлігі Единица измерения | ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК интернет-ресурсында орналастырылған Құрылыс ресурстары жіктеуіші бойынша материалдық ресурстың коды Код материального ресурса по Классификатору строительных ресурсов, размещенному на интернет-ресурсе КДСЖКХ МИИР РК | Өндіруші ел Страна-изготовитель | Жергілікті қамтудың үлесі, %1 Доля местного содержания %1 | Есепті кезеңде ішкі нарықта материалдық ресурстарды қосылған құн салығын есепке алумен өткізу бағасы, теңгемен Цена реализации материальных ресурсов на внутреннем рынке за отчетный период с учетом налога на добавленную стоимость, в тенге | Ұсыну бағасы ( прайс-парақша бойынша), теңгемен Цена предложения ( по прайс-листу), в тенге | Есепті кезеңде нарықта материал ресурста заттай м өткізу кө Объем реализац материал ресурсов внутрен рынке отчетны период натураль выражен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | Г | Д | 1 | 2 | 3 |
| | | | | | | | |

Қажет болған жағдайда қосымша беттерде жалғастырыңыз

При необходимости продолжить на дополнительных листах

Ескертпе

Примечание

[1]Д-бағаны Г- бағанында өндіруші ел "Қазақстан Республикасы" деп көрсетілген жағдайда толтырылады

[1]Графа Д заполняется в случае, когда в графе Г указывается страна-изготовитель " Республика Казахстан"

[2]4-баған өткен жылдың қорытындысы бойынша жылына бір рет 4-тоқсанға толтырылады

[2]Графа 4 заполняется один раз в год в отчете за 4 квартал, по итогам предыдущего года

Атауы Мекенжайы (респонденттің)

Наименование ______________________ Адрес (респондента) ___________________

Телефоны (респонденттің)_______________________________ _________________

Телефон (респондента) стационарлық ұялы

стационарный мобильный

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз[3] ☐ Алғашқы

Согласны на распространение первичных статистических данных[3] Не соглас

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) ___________________________________

Орындаушы

Исполнитель __________________________________ ___________________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының)

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности ________________ ______

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности _________________ _________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

[3]Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады

[3]Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде

ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Басшысының
2021 жылғы 19 қарашадағы
№ 32 бұйрығына
2 қосымша

**"Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялар мен инженерлік жабдықтарына босатылым бағалары туралы есеп" (индексі 1-СМИО, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялар мен инженерлік жабдықтарына босатылым бағалары туралы есеп" (индексі 1-СМИО, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңы ( бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8-тармақшасына сәйкес әзірленді және "Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялар мен инженерлік жабдықтарына босатылым бағалары туралы есеп" (индексі 1-СМИО, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) баға – сапасы, сату шарттары және уақыт кезеңі анық белгіленген тауардың, өнімнің немесе қызметтің нақты түріне төленген ақша бірлігінің саны;

2) құрылыс ресурстарының жіктеуіші– құрылыста пайдаланылатын материалдар, бұйымдар, конструкциялар, инженерлік жабдықтың атаулары менкодтарының жүйелендірілген жинағын білдіретін ресми құжат;

3) материалдық ресурстар – құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары және инженерлік жабдық;

4) өндірістік қуат – белгілі кезеңде өндірістік бірліктің өнімін (материалдық ресурстарды) мүмкіндігінше көп шығару;

5) өткізу көлемі –құрылыс материалдары ресурстарының есепті кезеңде заттай көріністегі (дана, шаршы метр, метр, тонна, текше метр, жинақталым, секция, киловатт, килограмм, литр, километр) өткізілген көлемі;

6) прайс-парақша – кәсіпорындар (өндірушілер, жеткізушілер) ұсынатын материалдық ресурстарға арналған бағалар тізбесі.

3. А, Б, В бағандарында Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық істері комитетінің (бұдан әрі – ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК) интернет-ресурсында орналастырылған Құрылыс ресурстарының жіктеуішіне (бұдан әрі – Жіктеуіш) сәйкес материалдық ресурстың атауы, өлшем бірлігі және коды көрсетіледі.

Г бағанында материалдық ресурс өндірілген өндіруші ел көрсетіледі.

Д бағаны Г бағанында өндіруші ел "Қазақстан Республикасы" деп көрсетілген жағдайда толтырылады.

1-бағанда есепті кезеңде Жіктеуішке сәйкес өлшем бірлігі үшін қосылған құн салығын есепке ала отырып, ішкі нарықта материалдық ресурстарды өткізу бағасы көрсетіледі.

2-бағанда есепті кезеңде Жіктеуішке сәйкес өлшем бірлігі үшін қосылған құн салығын есепке ала отырып, прайс-парақша бойынша материалдық ресурстардың ұсыну бағасы көрсетіледі.

3-бағанда есепті кезеңде Жіктеуішке сәйкес өлшем бірлігіне заттай мәнде ішкі нарықта өткізілген материалдық ресурстардың көлемі көрсетіледі.

4-бағанда Жіктеуішке сәйкес өлшем бірлігі үшін заттай мәнде материалдық ресурстардың есепті жыл соңындағы өндірістік қуаты көрсетіледі.

5-бағанда материалдық ресурстарды өткізу өңірі, облыс, республикалық маңызы бар қалалар не Қазақстан Республикасының астанасы көрсетіледі. Мысалы Ақмола облысы, Алматы қаласы, Нұр-Сұлтан қаласы.

4. Егер кәсіпорындарда материалдық ресурстар басқа өлшем бірлігі бойынша ( мысалы, қиыршықтас – тонна, бетон – тонна) өткізілсе, онда нақты өткізу бағасы Жіктеуішке сәйкес өлшем бірлігіне қайта есептелінеді.

5. Кәсіпорынның біржолғы тапсырыс бойынша өткізген материалдық ресурстар бағасы тіркеуге жатпайды.

6. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК интернет-ресурсында он-лайн режимде жүзеге асырылады.

7. Статистикалық ақпаратты түзу кезінде бұрмалаушылықтар, қателер, ағаттықтар анықталған жағдайда Заңның 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК сұрауы бойынша растау құжаттары (шот-фактура, сынақ хаттамасы, сәйкестік сертификаты, жүкқұжат) ұсынылады.

Басшысының
2021 жылғы 19 қарашадағы
№ 32 бұйрығына
3 қосымша

Ақпарат алушы органдар
құпиялылығына кепілдік
береді
Конфиденциальность
гарантируется органами

получателями информации

| | | |
|---|---|---|
| | Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны<br>Статистическая форма ведомственного статистического наблюдения<br>Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынылады<br>Представляется в Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан | бұйрығына<br>3-қосымша<br>Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 15 бұйрығына<br>3-қосымша<br>Приложение 3 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 4 февраля 2020 года № 15 |

Сатып алынған құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялар мен инженерлік жабдықтарының нақты құны туралы есеп

Отчет о фактической стоимости приобретенных строительных материалов, изделий, конструкций и инженерного оборудования

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Индексі<br>Индекс | 2-СМИО | тоқсандық<br>квартальная | есепті кезең<br>отчетный период | | тоқсан<br>квартал | | жыл<br>год |

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 41-43-кодтарына сәйкес қызметінің негізгі және (немесе) қосалқы түрлерімен іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады

Представляют попавшие в выборку юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с основными и (или) вторичными видами деятельности согласно кодам Общего классификатор видов экономической деятельности: 41-43

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін

Срок представления – до 10 числа после отчетного периода

| | |
|---|---|
| БСН коды<br>Код БИН | |

1. Құрылыс қызметінің нақты жүзеге асырылатын орнын көрсетіңіз (заңды тұлғаның тіркелген жеріне қарамастан) – облыс, қала, аудан, елді мекен

Укажите фактическое место осуществления строительной деятельности ( независимо от места регистрации юридического лица)– область, город, район, населенный пункт

| | |
|---|---|
| 2. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес аумақ коды (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің ( бұдан әрі- ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК) қызметкері толтырады)<br>Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) ( заполняется работником Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан(далее – КДСЖКХ МИИР РК). | \| \| \| \| \| \| \| \| \| |

3. Қосылған құн салығын және басқа шығыстарды есепке алумен сатып алынған құрылыс материалдарының бағасын, өлшем бірлігіне теңгемен көрсетіңіз

Укажите цены на приобретенные строительные материалы с учетом налога на добавленную стоимость и других расходов, в тенге за единицу измерения

| Материалдық ресурстың атауы[1] Наименование материального ресурса1 | Өлшем бірлігі[1] Единица измерения1 | Коды 1 Код[1] | Есепті кезеңде сатып алынған материалдық ресурстардың бағасы Цена материальных ресурсов, приобретенных в отчетном периоде | Есепті кезеңде сатып алынған материалдық ресурстың саны Количество приобретенного материального ресурса за отчетный период |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 | 2 |
| | | | | |

Қажет болған жағдайда қосымша беттерде жалғастырыңыз

При необходимости продолжить на дополнительных листах

Ескертпе

Примечание

[1]А, Б, В бағандары ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК интернет-ресурсында орналастырылған Құрылыс ресурстарының жіктеуішіне сәйкес толтырылады

[1]Графы А, Б, В заполняются в соответствии с Классификатором строительных ресурсов, размещенным на интернет-ресурсе КДСЖКХ МИИР РК.

Атауы Мекенжайы (респонденттің)

Наименование ________________________ Адрес (респондента) ________________ ___

Телефоны (респонденттің)____________________________ _____________________ __

Телефон (респондента) стационарлық ұялы

стационарный мобильный

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз[2] ☐
Согласны на распространение первичных статистических данных[2]

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз[2] ☐
Не согласны на распространение первичных статистических данных[2]

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)
Адрес электронной почты (респондента) ________________________________________
_

Орындаушы
Исполнитель ______________________________________ __________________________
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының)
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға
Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности _________________ _______
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға
Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности ____________________ ________
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:
Примечание:

[2]Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады

[2]Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Басшысының
2021 жылғы 19 қарашадағы
№ 32 бұйрығына
4 қосымша

**"Сатып алынған құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялар мен инженерлік жабдықтарының нақты құнытуралы есеп" (индексі 2-СМИО, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Сатып алынған құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялар мен инженерлік жабдықтарының нақты құны туралы есеп" (индексі 2-СМИО, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8-тармақшасына сәйкес әзірленді және "Сатып алынған құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялар мен инженерлік жабдықтарының нақты құны туралы есеп" (индексі 2-СМИО, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) баға – сапасы, сату шарттары және уақыт кезеңі анық белгіленген тауардың, өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің нақты түріне төленген ақша бірлігінің саны;

2) есепті кезеңде сатып алынған материалдық ресурстардың саны – есепті кезеңде сатып алынған құрылыс материалдары ресурстарын заттай мәнде (дана, шаршы метр, метр, тонна, текше метр, жинақталым, секция, киловатт, килограмм, литр, километр);

3) құрылыс ресурстарын жіктеуіші – құрылыста пайдаланылатын материалдар, бұйымдар, конструкциялар, инженерлік жабдықтың атаулары мен кодтарының жүйелендірілген жинағын білдіретін ресми құжат

4) материалдық ресурстар – құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары және инженерлік жабдық.

3. А, Б, В бағандарында Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің (бұдан әрі – ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК) интернет-ресурсында орналастырылған Құрылыс ресурстарының жіктеуішіне (бұдан әрі – Жіктеуіш) сәйкес материалдық ресурстың атауы, өлшем бірлігі және коды көрсетіледі.

1-бағанда есепті кезеңде құрылыс өндірісі үшін сатып алынған материалдық ресурстардың бағасы қосылған құн салығын ескере отырып көрсетіледі.

2-бағанда есепті кезеңде сатып алынған материалдық ресурстың саны көрсетіледі.

4. Егер материалдық ресурстар басқа өлшем бірлігінде (мысалы, қиыршықтас – тонна, бетон – тонна) сатып алса, онда баға Жіктеуішке сәйкес өлшем бірлікке қайта есептелінеді.

5. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК интернет-ресурсында он-лайн режимде жүзеге асырылады.

6. Статистикалық ақпаратты түзу кезінде бұрмалаушылықтар, қателер, ағаттықтар анықталған жағдайда Заңның 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК сұрауы бойынша растау құжаттары (шот-фактура, сынақ хаттамасы, сәйкестік сертификаты, жүкқұжат) ұсынылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК